

Жаңа технологиялар нысаны

- Жаңа технологиялар уақыт өткен сайын қуса жеткізбестей қарқынмен дамып жатыр. Бүгін үйренген білімнің ертеңгі күні жарамсыз болып қалса, таң қалуға болмайды. Тарихтағы алғашқы компьютерлер үлкен бір бөлменің көлеміндей алып болған болса, қазір көзге көрінбестей қалыпта жасалуда. Ақпараттық технологиялар саласындағы бәсекелестік дүниеге жаңа, тың, әрі қолжетімді техника мен технология түрлерін әкелуде. Әлемдегі ең алпауыт компаниялардың қатарындағы алғашқы орындар АҚШ және Жапон компанияларына бұйырады. Жаңа технологиялардың арасынан дисктердің даму процесіне көз салсақ, өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы IBM 3380 Disc Sysytems құрылғысының ақпарат сақтау қабілеттілігі небары 2,5GB болды. Ал қазіргі күндердегі бір ғана MicroSD Card-тардың сыйымдылығы 32GB. Сыйымдылығы жағынан көлемі жағынан да бағасы жағынан да екеуінің айырмасы ”жер мен көктей” деңгейде. Төмендегі суретте 1980 жылдардағы 8 жәшіктен тұратын 2,5GB сыймдылығы бар IBM 3380 Disc Sysytems құрылғысы мен қазіргі таңдағы MicroSD Card дискілері салыстырмалы түрде қарастырылған.

Инновация

- Инновация – жаңа практикалық әдісті тарату және қолдануды құрудың комплекстік үрдісі немесе ғылыми-техникалық шешімнің, адамдардың, ұсыныстапдың, жаңа идеялардың тәжірибеге енуі, іске асырылуы және де соңында қолданылуы. Инновация туралы осындай көптеген түсініктемелер беруге болады. Инновация ұғымын бірнеше мағынамен түсіндіруге болады, бірақ та ең бастысы “инновация” мен “жаңалық” терминдерін айыра біліп, ол ұғымдардың мағынасын білу керек. Жаңалық қандай да қызмет саласында оның тиімділігін жоғарылату бойынша фундаменталды, қолданбалы, тәжірибелік жұмыстардың рәсімделген нәтижесі болып табылады.. Ең бастысы — жаңалықты енгізу, жаңалықты инновация формасына айналдыру, яғни инновациялық диффузияны жалғастыруға болады. Жаңалықты жасау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу қажет. Ал, инновация – жаңалықты енгізуде басқару объектісін өзгерту мақсатында және экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми-техникалық немесе басқа тиімділік түрлерінің соңғы нәтижесі. Яғни, жаңалықты ендіріп, іске асырылғанда инновация пайда болады. Қысқаша айтқанда, инновация – жаңалықты енгізудің нәтижесі.

Иновацияның мәні



Жаңа техника мен технология

- “Жаңалық енгізу”- бұл жаңа техника мен технологияны меңгеру, басқару мен ұйымдастырудың жақсарған әдістері.
- Инновация – бұл іздеуге, жасауға және жаңа бұйым түрлерін, технологияларын, таратуға бағытталған қызмет. Оның басқа да анықтамасы бар. Иновация –бұл жаңалық енгізудің жалпы процесі, адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолданылатын және таратылатын жаңалық , қоғамның даму әсеріне байланысты ауысып отырады.
- Фирма жүйесінің “кірісі” сияқты сатушылардың тез енуіне, инновациялық формаға өтуде, өзінің енгізу үшін уақытын күтіп, жай жинақталу жаңалығы болады. Фирманың “шығысында” тауарлар сияқты тек жаңалық болады. ҒЗТҚЖ стратегиялық маркетинг процесі бойынша өндірістің ұйымдастыру – технологиялық дайындығының, жаңалықты рәсімдеу және өндіру, оларды басқа салаларға таратуды (диффузия), инновациялық қызметті айтады.
- Инновацияның жіктелуінің негізгі критерийлері болуы қажет:
- а) талдау және кодтау үшін ескерілетін классификациялық жинақтаудың кешенділігі;
- б) критерийді анықтаудың сандық (сапалық) мүмкіндігі;
- в) ұсынылған жіктелу белгілерінің ғылыми жаңалығы.

Технологияның мәні

- Әлемдік даму үрдісі қазіргі ғылыми-техникалық серпілісті түбегейлі жаңа даму деңгейіне шығаруға себепші болып отыр. 90-шы жылдардың басында **экономикалық** даму парадигмасы өзгереді де, батыстың алдыңғы қатарлы шаруашылық іс-әрекеттің материалдық емес саласын жеделдетіп дамуымен ерекшеленетін «Жаңа экономикасы» көшті. «Жаңа экономика» аясында шынайы түрде білімге, яғни экономикалық өркендеудің жаңа сапалық түрін қамтамасыз етуші жаңартулар мен инновацияға негізделген нарықтың жаңа шаруашылық субъектілері құрылды. Қазіргі уақытта технология, құрал-жабдықтар, кадр даярлау, өндірісті ұйымдастыру сипатында іске асқан «жаңа білім» үлесіне экономикасы дамыған елдерде жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өсімінің 70-тен 84 пайызына келді. Жаңадан қалыптасқан жағдайда кәсіпорын **акционерлеріне** негізгі құнды қарайтын дәл осы зияткерлік капитал, ал оның маңызды құраушылары нарықтық бағалау мен беделге ие болып отыр. Экономиканың инновациялық белсенділігі басым сипатқа ие болуда, бұл өз кезегінде, кәсіпорындардың өз стратегиясын түбегейлі өзгертуіне, жаңа бәсекелестік ортада және тіршілік етудің негізі ретінде зияткерлік түрде арттыруға жетелейді.

Техникалық қамсыздандыру

- Инновацияның ерекше мазмұнын өзгертулер құрайды, ал инновациялық іс-әрекеттің басты функциясы-өзгерту функциясы болып табылады. Австрия ғылымы Й. Шумпетер 1911 жылы бес түрлі өзгертулерді бөліп көрсеткен:
- 1) Жаңа техника, жаңа технологиялық үдерістерді пайдалану немесе өндірісті жаңадан нарықтық қамсыздандыру (сатып алу-сату)
- 2) Жаңа қасиеттері бар өнімді өндіру
- 3) Жаңа шикізат түрін пайдалану
- 4) Техникалық қамсыздандыруды ұйымдастырудағы өзгерістер
- 5) Өнімді сатуда жаңа нарықтың пайда болуы
- Кейінірек, 1930 жылдары, ол инновация тұтыну тауарларының жаңа түрлерін, жаңа өндірістік және көлік құралдарын, жаңа нарықтар мен өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа түрін өндіру мен пайдалану мақсатында жасалған өзгерістер деген ұғымды енгізеді.

Жаңа технология нысаны



Жаңа технология нысаны

Орындаған: Сатыбалдиева А.301 топ

● Тексерген: Раманкулова Ж.

